


Бестөбе №1 жалпы орта білім беретін мектебі

2024-2025 оқу жылындағы
14-25 қазан аралығында өткізілетін
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
«Балалар кітапханасы» шеңберінде өткізілген
мектеп кітапханасы онкүндігінің есебі



Кітапханашы Кусаинова Г.П.

2024-2025 оқу жылындағы
14-25 қазан аралығында өткізілетін
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
«Балалар кітапханасы» шеңберінде өткізілген
мектеп кітапханасы онкүндігінің есебі

Кітапхананың онкүндігінің 1 «А» сыныбымен салтанатты түрінде ашылды. Жас оқырмандарға кітапхана туралы мәлімет берілді, абонемент, оқу залы, кітаптардың орналасуы, картотека, оқырман формуляры, кітапхана ережесі мен тәртібі туралы ақпарат берілді. «Кітап- әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі» кітап көрмесі ұйымдастырылып, оған шолу жасалынды. Жалпы онкүндік жоспар бекіту, әлеуметтік желілерге салынды.



Екінші күні Ашық есік күні. 1 «Ә» сынып оқушылары кітап әлеміне саяхатқа шықты, көптеген кітаптармен танысты, өз білгендерін ортаға салды, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығы, талғамы жоғары екені байқалды, теледидардан мультфильмдер көрді, кітапхана жүйесімен танысты, соңымен қатар оқырмандар қатарына қабылданды. «Кітап – ғажап дос» дәстүрлі кітап көрмесіне шолу жасалды.



"Шахмат - ақыл-ой спорты» тақырыппен 5-6 сыныптар арасында сыныптар тыс іс-шара өткізілді, себебі шахмат пен кітапхана – мектеп оқушыларына үлкен пайда әкелетін тамаша үйлесім. Кітапхана тек кітап оқитын орын ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық даму орталығы. Шахмат өз кезегінде логикалық ойлауды, есте сақтауды, жинақылықты және стратегиялық жоспарлауды дамытатын ерекше ойын.





«Балалар кітапханасы» бағдарламасы шеңберінде Буккроссинг жұмысы жалғасуда. Осы орайда «Оқып болсаң – досыңа бер» ақпараттық уақыт өткізілді.

Республика күніне орай «Қасиетті Қазақстан» атты виртуалды саяхатта 4 «Ә» сынып оқушылары Мобильді кітапхананың QR арқылы Қазақстанның киелі жерлерімен танысты.



Кітапхана оқырмандарының қызығушылығын арттыру, кітапханаға келушілер санын ұлғайту, оқушылар арасында кітап оқуды тиімді насихаттап, ең көп оқитын оқушыны анықтау мақсатында 3-4 сынып оқырмандарының арасында “Ең үздік оқырман” сайысы өткізілді. Сайыс «Қанеки, танысайық», «Оқыған кітабыңды жарнамалау», «Ақынның шығармаларын табу», «Ұшқыр-ой», «Таза бұлақ» секілді бес кезеңнен тұрды. Ы.Алтынсарин "Таза бұлақ" әңгімесі бойынша тест тапсырмасы орындалды. «Ең үздік оқырман», «Тапқыр оқырман», «Білімпаз оқырман», «Озық оқырман» атты номинациялармен марапатталды.



Барлығы кітапхана онкүндігі аясында 186 оқушылар мен ұстаздар қатысты, белсене қатысқан оқушыларды марапатталды, есебі жасалынып әлеуметтік желілерге салынды. Онкүндік барысында оқырмандар саны аз да болса көбейіп, кітап беру саны арта түсті. Кітап сүйер оқырмандарымыз көп болсын!!!!

Кітапханашы Кусаинова Гульназ Папашевна